

Жеңіс оңайлықпен
келген жоқ
2-бет



Аудан бюджеті
3-бет

Гендерлік теңдік -
басты мақсат
8-бет



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 84 (7870)
Жұма,
06 қараша 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

АРАЙ

8 қараша - Статистика қызметкерлерінің күні

Құрметті статистика басқармасының қызметкерлері, статистика саласының ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - статистика күнімен құттықтаймыз!
Бұл мерекенің мақсаты - ресми статистиканың көптеген жетістіктерін одан әрі арттыру болып табылады. Біздің елімізде статистика саласының маңызы зор. Аудан өмірінің толық бейнесін айқындайтын, ұжымдар мен халықтан жиналатын мәліметтерден ақпараттық қор қалыптасады.

Ақпараттық қордың қалыптасуына шеберлігі жоғары, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, сенімді, жұмыс сапасы жоғары, өзгерістерге шұғыл назар аударатын ауданның статистика қызметкерлері де өз үлестерін қосуда. Дәл осы қасиеттер аудандық статистиканың қарқынды дамуы мен жетілуіне жәрдемдеседі. Бүгінгі таңда Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында толық және ауқымды мәліметке ие болып отырмыз.

Сіздердің тәжірибелеріңіз бен мамандыққа адалдықтыңыз әрі қарай алға қойылған мақсатқа жетуге жәрдемдеседі деген сенімдеміз!
Ауданның статистика саласы қызметкерлерін және статистика қызметінің ардагерлерін кәсіби мереке - Қазақстан Республикасы статистика күнімен құттықтаймыз! Сіздерге жаңа табыстар, еңбекте жеміс, бақыт және құт-береке тілейміз!

Қалиқан Байғонұсов, аудан әкімі.
Дүйсен Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.



■ Отбасы және тәрбие

Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

«Бар жақсы -балаларға» дегендей, бөбек өмірге келген күннен бастап, ол азамат қатарына қосылып кеткенше ерекше бір қамқорлық құшағында болады. Біздің Қазақстанда балалар құқығы қалай қорғалады? «Бала-бауыр етің», «Балалы үй - базар» деген қағидамен өмір сүретін қазақ жерінде балаларға деген қамқорлық қандай деңгейде? Осындай сұрақтарға жауап іздеп, 3 қараша күні аудандық Мәдениет үйінде ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі және жастар Орталығы өкілдерімен бірлесіп, Үлкен Нарын өңірі мектептерінің жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбында брифинг-конференция өткізілді.

Шараның мақсаты - балаларға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын алу. Оларға өз құқықтарын түсіндіру.

Аталмыш шараға Қабдығали ата атындағы орталық мешіт имамы Шодихон-қажы Хидиров, аудан прокурорының орынбасары Айгүл Абдулова, аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Мақтагүл Молдажанова, көмелеттік жасқа толмағандар ісі жөнінде инспектор, полиция капитаны Динара Тілеуханова, білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері Гүлмира Ибраимова және

әлемде 1919 жылы пайда болып-ты. 1924 жылы – Ұлттар лигасының Женева Бала құқықтары туралы декларациясы, 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары декларациясы қабылданды, 1979 жыл Халықаралық Бала жылы болып жарияланды және тек он жыл өткеннен кейін ғана Бала құқықтары туралы конвенция қабылданды. Яғни, 1989 жылы Бала құқықтары туралы конвенция қабылданып, Қазақстан Республикасы бала құқықтарын қорғау жөніндегі маңызды конвенцияларға қосылды. Бұл конвенция бала құқықтарын айқын белгілеген басты құжат болды. Бүгінгі күні аталған Конвенция әлемнің барлық елдері қол қойған халықаралық құжат болып табылады. Бұл халықаралық құжатты Қазақстан Үкіметі 1994 жылы ратификациялады. Осы кезден бастап біздің мемлекетіміз миллиондаған қазақстандық балалардың құқықтарын қамтамасыз етуде айтарлықтай жұмыстар атқаруда. Ең бастысы - 2004 жылы тамызда «Бала құқықтары туралы» Заң қабылданды.

Шара барысында сөз сөйлеген имам Шодихон-қажы, Ислам – баланы Алла тағаланың алдындағы құлшылық сезімінен туындайтын еркіндік рухында тәрбиелейтін дін. Жаратушыға бас ию рухында тәрбиеленген жастар әуесқойлық, нәпсіқұмарлық, ынтызарлық сезімдеріне тәуелді болмайды. Исламдағы балалар құқығының мәні



БАҚ өкілдері арнайы шақырылды.

Брифингті ашқан жастар Орталығының директоры Ернұр Мағауянов жиналғандарды «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз!» атты баяндама мазмұнымен таныстырып өтті.

Жалпы, жер жүзінде балалардың құқықтарын қорғау тарихы аз-ақ уақытты құрайды деп айта алмайсыз. Бұл жөніндегі алғашқы ұйым

өсында, -деді ол.

Аудан прокурорының орынбасары А.Абдулова прокуратура органдарының бала құқығын қорғау тұрғысында атқарып жатқан шаралары жайлы хабардар етіп, құқыққорғау органдары, әлеуметтік қызметтер, қоғам, БАҚ тарапынан үнемі назарда болу тиіс екенін жеткізді.

Білім беру және денсаулық сақтау бөлімінің өкілдері балалардың тегін білім алу және кепілдендірілген тегін медициналық қызмет алу құқығы жайлы айтып өтті. Ішкі істер бөлімінің маманы Д.Тілеуханова балаға қатыгездік, зорлық-зомбылық жасалған фактілер анықталған жағдайда ата-аналар қандай жауапкершілікке тартылатындығы жайлы ақпарат берді.

Сонымен қатар, жиналғандар назарына отбасындағы зорлық – зомбылық салдары жайлы бейнефильм ұсынылды.

Бала үшін ата-анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер болуы қажет. Алайда, өкінішке орай, балаларын бағып-қағу міндеттерін орындамай,



зорлық-зомбылық көрсетіп отырған ата-аналар да кездесіп жатады. Шараға жиналған мектеп оқушылары бұл мәселеден шет қалмайтындарын танытып, белсенді түрде шара қонақтарына бала құқығы жайында өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Аталмыш шараны өткізер алдында мектеп оқушыларына «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбындағы суреттер конкурсына сурет даярлау тапсырылған. Брифинг-конференция соңында, конкурстың қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталды. Бірінші орынды Балғын орта мектебінің оқушысы Мағжан Файзуллин иеленді. Сонымен қатар, аталмыш шараға белсене қатысқан оқушылар аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің грамоталарымен марапатталды.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

V шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы №32255-V шешімі

Катонқарағай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22/164-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Катонқарағай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22/164-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3345 нөмірмен тіркелген, 2014 жылғы 6 маусымдағы № 43, 2014 жылғы 11 маусымдағы № 44 «Арай» газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Катонқарағай аудандық мәслихатының регламентінде:

7- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б.Тоқтағанов, сессия төрағасы.
Д.Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.

Нормативтік құқықтық акт 2015 жылғы 22 қазанда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4182 болып енгізілген

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы №33/262-V шешіміне 1 қосымша Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 1 қосымша 2015 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

Санаты				Барлық кірістер (мың теңге)
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
	Атауы			
1	2	3	4	5
		I.Кірістер		4113162,0
1		Салықтық түсімдер		388598,0
	01	Табыс салығы		151207,0
	2	Жеке табыс салығы		151207,0
	03	Өлеуметтік салық		111539,0
	1	Өлеуметтік салық		111539,0
	04	Меншікке салынатын салықтар		96582,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар		39305,0
	3	Жер салығы		12064,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық		41913,0
	5	Бірыңғай жер салығы		3300,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		26665,0
	2	Ақциздер		1845,0

	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	13422,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	11220,0
	5	Ойын бизнесіне салық	178,0
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2605,0
	1	Мемлекеттік баж	2605,0
2		Салықтық емес түсімдер	6922,8
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1038,8
5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1025,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	13,8
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	525,0

	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	525,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	5359,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	5359,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	25643,0
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4477,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4477,0
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	21166,0
	1	Жерді сату	7366,0
2		Материалдық емес активтерді сату	13800,0
	4	Трансферттердің түсімдері	3691998,2
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3691998,2
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3691998,2

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	
			II. Шығындар	4115048,6	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	374140,0	
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13072,0	
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13072,0	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0	
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	97062,0	
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	85184,0	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11878,0	
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	173792,0	
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	169220,0	
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4572,0	
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	0,0	
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0	
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	0,0	
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	0,0	
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0	
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	0,0	
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0	
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	31365,0	
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30198,0	
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	507,0	
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	500,0	
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	160,0	
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	16844,0	
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14344,0	
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2500,0	
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	25408,0	
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24758,0	
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	390,0	
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	260,0	
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	16597,0	
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16307,0	

		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	290,0	
	494		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі	0,0	
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0	
	02		Қорғаныс	18791,0	
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	18791,0	
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	12291,0	
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	6500,0	
	03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	0,0	
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0,0	
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	0,0	
	04		Білім беру	2314046,2	
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	196415,0	
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	82674,0	
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	113741,0	
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0,0	
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0	
		003	Жалпы білім беру	0,0	
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	0,0	
		006	Балаларға қосымша білім беру	0,0	
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлеуі	0,0	
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	0,0	
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	0,0	
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	0,0	
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	0,0	
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2112196,2	
		004	Жалпы білім беру	1908143,0	
		009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	22441,2	
		005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	56891,0	
		028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	48238,0	
		020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	17056,0	
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	56324,0	
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3103,0	
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5435,0	
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5435,0	
	06		Өлеуметтік көмек және өлеуметтік қамсыздандыру	246518,9	

	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0,0	
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	0,0	
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	781,0	
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	781,0	
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі	245737,9	
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін өлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23194,0	
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	23884,0	
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, өлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өлеуметтік көмек көрсету	22140,0	
		005	Мемлекеттік атаулы өлеуметтік көмек	5208,0	
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1200,0	
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына өлеуметтік көмек	36434,0	
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1688,0	
		011	Жәрдемақыларды және басқа да өлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1272,9	
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде өлеуметтік көмек көрсету	45675,0	
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	17739,0	
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	0,0	
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130,0	
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	2468,0	
		025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	25075,0	
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	11869,0	
		052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	27761,0	
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	0,0	
	07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	699113,0	
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	57259,0	
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	1100,0	
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	960,0	
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	34766,0	
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5450,0	
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	161,0	
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	3617,0	
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	11205,0	
		041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	0,0	
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	578292,0	
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	300,0	

(Жалғасы газеттің келесі санында)

АДАМГЕРШІЛІК-РУХАНИ ДАМУДЫ ДАРЫТАДЫ



2015 жылдың 2 қарашасында ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде (әрі қарай - ОКҚ) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның мүшелерінің (әрі қарай - Ұлттық комиссия) және ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жақыпованың қатысуымен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне «2015-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы отбасылық қатынастарды, моральдық - этикалық және рухани - адамгершілік құндылықтарды нығайтудың Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын» (әрі қарай - Жалпыұлттық жоспар) жаңғырту мәселелері бойынша брифинг өтті.

Ұлттық комиссия басшысының орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елена Тарасенко бұқаралық ақпарат өкілдерін қолданыстағы Жалпыұлттық жоспарды «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының «МЕҢІҢ ЕЛІМ» азаматтық бірегейлікті нығайту ұлттық жобасын жасау және жүзеге асыру шараларына сәйкестендірудің өзектілігін арттыру жұмыстарынан хабардар етті.

Е.И. Тарасенко Жалпыұлттық жоспарға жаңа шаралармен толықтырылған «Болашағы біртұтас ел» атты жаңа бөлім енгізілгенін мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл шараларды жүзеге асыру отбасын жоспарлау мен оның маңыздылығы жайында халықтың сауаттылығы мен хабардарлығын арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға, сонымен қатар, балалар мен жастардың бойына үлкенге ізеттілік қасиетін, қазақстандық патриотизмді, «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясына негізделген азаматтық жауапкершілік пен адамгершілік-рухани дамуды дарытуға себепкер болады.

Өз кезегінде ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Вице-министрі Светлана Жақыпова Қазақстанда алғашқы медико-санитарлық көмектің әлеуметтік бағдарланған үлгісі енгізіліп жатқанын мәлімдеді.

Вице-министр халықтың денсаулығын нығайту мақсатында отбасылық денсаулық орталықтарын құру, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшелері, сонымен қатар, АМСК ұйымдарының штаттық нормативтеріне әлеуметтік қызметкерлер мен психологтарды қосу арқылы алғашқы медико-санитарлық көмектің (әрі қарай АМСК) әлеуметтік бағдарланған үлгісін енгізуге ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап айтты.

Әрбір аудандық және қалалық емханаларда отбасын жоспарлау кабинеттері бар. Республика бойынша кәсіби медициналық қызметкерлер жұмыс істейтін осындай 359 кабинет пен репродуктивті денсаулық орталықтары қызмет етіп келеді.

Аймақтарда жаңа туған сәбиі бар аналарға арналған 27 «Аналар Үйі» - «Дом мамы» дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Олар ашылған 2013 жылдан бастап 1045 әйелге көмек көрсетті. Аталған орталықта болған аналар мен балалар сол аумақтағы емханаға тіркеліп, психологиялық көмекпен қатар, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алады.

2015 жылы халықтың сауаттылығы мен хабардарлығын арттыру мақсатында

«Репродуктивті денсаулықты қорғау, отбасын жоспарлау, халыққа және медициналық қызметкерлерге кеңес беру арқылы отбасын жоспарлау, жүктілікке және дені сау баланы дүниеге әкелуге дайындық» жобасын жүзеге асыру жалғастырылды.

«БҰҰ (ЮНИСЕФ) Балалар қорының қолдауымен Қазақстан Республикасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын - алу жобасын енгізу шаралары қабылдануда. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 2014 жылы 9 бен 18 жас аралығындағы балалар арасында 192 өзіне-өзі қол жұмсау оқиғасы тіркелген, бұл көрсеткіштің 2013 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге төмендегені байқалады», - деді Светлана Жақыпова.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі білім және ғылым, ішкі істер министрліктерімен бірлесе отырып, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша денсаулық сақтау және білім беру жүйелері үшін оқыту модульдерін жасау туралы жоба енгізілуде. Оның бірінші кезеңінде оқыту модульдерін Астана мен Қызылорда облысында енгізу жоспарланып отыр, ағымдағы жылы аталған аймақтардан келген 100-ден астам мастер-тренерлер оқудан өтті. Жалпы алғанда, республика бойынша оқыту модульдерін енгізу 2017 жылы аяқталады.

Ұлттық комиссия мүшесі Ләззат Қалтаева ҚР ДСӘДМ мен ҚР БҒМ бірлесе отырып, мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу құқығын жүзеге асырудың тиімді жағдайларын жасау бойынша жұмыс жүргізіліп келе жатқанын атап айтты.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етілуін ұлғайту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан коррекциялық топтар құруды қарастыру, мемлекет пен жеке меншік саласының серіктестігі негізінде коррекциялық балабақшалар мен топтарды ашу ұсынылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қосымша білім берудің қолжетімділігі «Инклюзивті білім беруді дамыту» кешенді жоспарының аясында жүзеге асырылады.

Ұлттық комиссия мүшесі Жұлдыз Омарбекова аймақтарда арнайы білім беру ұйымдарын мультимедиялық оқыту құралдарымен, интерактивті тақталармен, қосымша компенсаторлы оқыту құралдарымен қамтамасыз етуді кезең-кезеңімен 100% көрсеткішке жеткізу бойынша жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті. Бұл балалардың әлеуметтік ортаға кірігуіне, олардың оқу сапасын арттыруға көмектеседі.

ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының аясында үйде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі балалар республикалық бюджеттің есебінен арнаулы құралдармен және компьютерлік техникалармен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, аймақтарда мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ішкі әлеуетін ашу және оларды қоғамға кіріктіру мақсатында «Көкейімдегі бар әлем» шығармашылық фестивалінің іріктеу кезеңі өткізілуде. Оның жеңімпаздарын марапаттау және қорытынды гала-концертін өткізу 2015 жылдың қараша айына жоспарланып отыр.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Республикасындағы отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарды нығайтудың Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде жасалған болатын.

Шығыс-Ақпарат.

Өнер

МЕРЕКЕЛІК МАУСЫМЫН АШТЫ

Облыстық драма театрында орыс труппасы өзінің 80-ші мерекелік маусымын Уильям Шекспирдің «Жазғы түнгі түс» пьесасымен ашты. Қойылымның ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қатысты.

– Тарихы бай орыс театры жаңа ғимаратқа қоныстанып, өзінің мере-келік маусымын ашып отыр. Өңіріміз-ге жасаған сапарында Елбасымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ театрға келген болатын. Мен жаңа ғимараттағы жағдай артистердің жаңа бір шығарма-шылық табыстарға жетуіне ықпал етеді деп ойлаймын, – деді өз сөзінде облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар.

Ұзақтығы үш сағатқа жуық қойылымды көрермен қауым ерекше қызығушылықпен тамашалады. Орыс труппасының көркемдік жетекшісі, режиссер Сергей Астраханцевтің жаңа қойылымға труппаның ерекше дайындалғанын, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуге тырысқандарын айтады.

– Өйткені, біздің негізгі мақсатымыз – көрермен қауымға қуаныш сыйлау. Олардың көптен күткен үміттерін ақтау, – дейді ол.

Осылайша шынайы сахна өнері көпшіліктің көңілінен шықты.

Шығыс-Ақпарат.

ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ



Кеше облыс әкімі Даниал АХМЕТОВ «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының саяси кеңесі бюросының отырысына қатысып, тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Жиында «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасының жүзеге асу барысы, партия филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі қоғамдық кеңесінің жұмысы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында халық арасындағы жұмыссыздықты азайту мәселелері талқыланды.

«Нұрлы жол» бағдарламасының облыста жүзеге асу жағдайы партия депутаттарының жіті назарында. Бұл туралы облыстық мәслихат депутаты Ержан Нұрбаев баяндады. Депутат бағдарламаға енген көлік-логистикалық жобалардың орындалу барысы жөнінде жергілікті әкімдіктерден мәлімет алып, сол арқылы жағдайды бақылауда ұстағандарын айтады. Ресми орындар берген ақпараттармен шектеліп қалмау мақсатында партия өкілдері жобаларды арнайы барып аралау жөнінде шешімге келіп, кесте түзіпті. Алдағы уақытта аталған жобаларды осы кесте бойынша аралап, мән-жайды өз көздерімен көретін болады.

Омбы-Майқапшағай, Қалбатау-Өскемен бағытындағы жолдар да аталған бағдарламаға енгені белгілі. Нұротандықтар аталған нысандарды бақылауда ұстап, миллиардтап бөлінген ақшаның игерілу барысына да қадағалау орнатқан.

Аймақ басшысы аталған жолдардағы жөндеу жұмыстарына алдағы уақытта қаржы бөлінетінін атады. Ал Өскемен-Рахман қайнары бағытында тек Осинов асуынан айналма жол салу жобасы ғана келер жылы қаржылай қолдау табады. Бұл 32 шақырымдық айналма жол Зырян және Катонқарағай аудандарына облыс орталығымен бұрынғыдан әлдеқайда жылдам қатынауға мүмкіндік туғызады деп күтілуде.

Бағдарлама аясында қолға алынған тұрғын үйлер құрылысы мен энергетика саласындағы ауқымды жобалардың жайы да сөз болды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мәди Отарбаев Ұлттық қордан бөлінген қаржы есебінен бой көтеруі тиіс үйлердің құрылысы жөнінде мәлімет берді. «Қазақстан ипотека компаниясы» АҚ, «Ертіс» ӘКК арқылы Өскемен және Семей қалаларында, Ұлан ауданының Қ.Қайсенов кентінде жеті бірдей көппәтерлі үйдің құрылысы қолға алынып отыр. Олардың алғашқыларына халық қоныстандырылып үлгерген. Ұлттық қордан бөлінген қаржының бір бөлігіне қосымша жеті несиелік тұрғын үйдің құрылысы жобаланған болатын. Олардың бесеуі қолданысқа берілді. Бұл тұрғын үйлерге тартылатын инфрақұрылымның шығыны да «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде қаржыландырылуда. Бағдарлама аясында 12 жылумен қамту нысанын жаңғырту мақсатында 2,1 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінгені де айтылды.

Партияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрағасы Михаил Лабуков коррупциямен күресті партия филиалы әуелі өз ішіндегі тәртіптен бастағандарын айтады. Соның арқасында партияның әрбір мүшесінің өз қызметінің тиімділігіне деген жауапкершілігі артса керек.

Ал «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасының жыл ішінде қаншалықты тиімді жүзеге асқаны жөнінде партия өкілдеріне басқарма басшысы Айжан Садықова баяндады.

Партия филиалының төрағасы, аймақ басшысы Даниал АХМЕТОВТІҢ алдына жеке мәселелерін айта келген тұрғындар әртүрлі тұрмыстық мәселелерді көтерді. Мәселен, Әсия Ретбекова анасы сатып алған жер үйдің мәселесімен келіпті. Оның айтуынша, баспана сатып алынғанымен, оны мемлекеттік тіркеуден өткізбеген. Осының салдарынан үйдің нақты иелері табылып, сот солардың пайдасына шешім шығарған. Бұл мәселенің анық-қанығын таразылау облыс прокурорының орынбасары Василий Олейникке тапсырылды. Қабылдауға келген азаматтардың барлығына көтерген мәселе-лері заң аясында шешілетіні түсіндірілді.

Есімжан Нақтыбайұлы.

ЕСЕПТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСІ ЖАСАЛДЫ

Халықаралық экономикада қиын ахуал қалыптастырып отырған әлемдік дағдарыстың салқыны мен салдарын қарапайым халық та айқын сезіп отыр. Елбасы биыл дағдарысты еңсеруге қатысты жүргізілуі тиіс мемлекеттік қаржы шығындарын қысқарту, атқарылуы қажет басқа да түрлі шаралармен бірге бюджеттік мекемелерге жаңа құрал-жабдықтар, техникалар сатып алуға да шектеу қойып, ел Үкіметіне елде үнемшілдікке көшуді, ысырапқа жол бермеуді басты міндеттің бірі етіп тапсырды.

Есептеу құралдарын орнатқандар ең төменгі тарифпен төлейді

Қазіргі күні қарапайым отбасылардың да шығыс, кіріс бюджетін қайта қарап, көрпеге қарай көсілетін күн туып отыр дейді облыстағы қаржы, банк саласының мамандары. Теңге девальвациясынан кейін шеттен импортталатын тұрмыстық техника, толып жатқан химиялық өнімдердің, дәрілердің бағасы екі аптаның ішіндеақ 10-30 пайызға дейін өсіп, азық-түліктің, күріштің, қарақұмықтың, әсіресе, шеттен сатып алып отырған қанттың бағасы күрт көтеріліп кетті. Облыс орталығын жылу энергиясымен: ыстық сумен, жылумен қамтып отырған «Өскемен жылу жүйелері» АҚ техникалық директоры Александр Сурченконның айтуынша, келер жылдан бастап бұл жылу жүйелері кәсіпорны өз қызметінің тарифін де бірнеше пайызға көтермек.

Жаңа тарифтің бесжылдық ұзақ мерзімге арналатынын ескерсек бұл қызметтердің құны кемінде 30-40 пайызға көтерілуі әбден мүмкін. Коммуналдық қызмет өкілдерінің қай-қайсысы болмасын тарифті көтеру, бағаны өсіру тірлігі мен қызметі бірбірімен тікелей байланысты субъектілерді мәжбүр етіп отырған бүгінгі күннің қажеттілігі екенін айтып бағуда. Жылу өндірушінің өнімін сатып алу, басқа да өндірістік шығындар, тозығы жеткен желілерді техникалық жағынан қайта жарақтандыру үшін инвестиция салу, еңбекақы қоры көлемін реттеу тәрізді іркес-тіркес мәселелер монополистердің өз қаражаты есебінен ғана емес, қызмет көрсету ақысын өсіру арқылы шешімін табуда. Жылдан-жылға аспандап бара жатқан коммуналдық қызмет бағасының ауыртпалығын азайтып, орынсыз шығынға жол бермеудің бір тетігі – есептеу құралдарын орнату. Пәтерінде, мекемесінде суық судың есептегіш құралдары бар жеке және заңды тұлғалар биылғы жазда қымбаттаған суық су бағасының салмағын сол себептен аса қатты сезінген жоқ.

2016 жылдың қаңтарынан көтерілгелі отырған жылу мен ыстық судың тарифі қымбатшылық қыспағындағы тұрғындарға қаншалықты ауыр тимек?

– Пәтерлерінде, үйлерінде ыстық су есептегіш, бір үйге арналған жалпылама есептеу құралдары барлар бағаның өсуінен айтарлықтай шығын шекпейді. Бірақ өкінішке қарай, Өскемен қаласы бойынша қазіргі күні бір үйге арналған жалпылама жылу есептеу құралдарын баржоғы 181 тұрғын үй (облыс орталығында орталықтандырылған жылуға қосылған 1602 көпқабатты тұрғын үй бар) ғана орнатқан, барлық үйдің 19 пайызы, – дейді «Өскемен жылу желілері» АҚ техникалық директоры Александр Сурченко. Осыдан екі жыл бұрын Президент Үкімет отырысында тұрғын үйлерге жаппай жылу есептеу құралдарын орнатуға тапсырма беріп, Қазақстандағы тұрғын үй қорының жағдайы мен коммуналдық қызметтің сапасын көтеруді, ысырапқорлыққа жол бермеуді дәл осы шарадан бастауға назар аудартқан болатын.

Алайда, мекеме өкілі айтқандай, есептеу құралдарын пайдалануға көшкендер саны облыс орталығының өзінде де өте аз. Үйге арналған жалпылама жылу есептеу құралдарын орнатқандардың бірі – Тәуелсіздік даңғылы бойындағы №84 және №77 үйлер екен. Осы маңдағы 22 тұрғын үй қарайтын «Нұрғалиева» ЖК пәтер иелері кооперативінің төрайымы Рауия Нұрғалиеваның (суретте) айтуынша, бір үйге жалпылама жылу есептеу құралын орнатуға шамамен (төрт-бес жыл бұрын) 700 мың теңге көлемінде қаржы кеткен. Бес жылда бір реет тексеріліп отыратын есептеу құралын тексеруге биылтұрғындар 80 мың теңге төлепті. ПИК төрайымы қос үйдің тұрғындары бәрібір ұтылып отырмағанын, қайта ұтып отырғандарын, жазда басқалар сияқты жылуға төлемақы төлемейтіндерін, тұтынушылардың жылу ақысына кеткен шығындарының да өзге үйдің тұрғындарымен салыстырғанда әлдеқайда аздығын айтады.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшыларының бізге берген мәліметі бойынша, бүгінгі күні өңірдегі барлық көпқабатты тұрғын үйлердің 41 пайызына жалпылама жылу есептеу құралы орнатылған. Ақпаратта көрсетілгендей, қазіргі күні «ТҮКШ дамыту қоры» АҚ мен республикалық бюджеттен жалпылама есептеу құралдарын орнатуға қаржы бөлуге орай жұмыстар жүргізіліп жатқан көрінеді.

Қаржы лизингі тетігі бойынша орнатылатын есептеу құралдары осы құралдарды жеткізуші тұлға, жылу беруші мекеме және «ТҮКШ дамыту қоры» АҚ араларында жасалатын үшжақты келісім негізінде тұтынушылардың өз қаражатына (түбіртектегі жылу төлемақысына қосылып келетін есептеу құралының бөлініп төленіп отыратын құны бойынша есеп айырысу арқылы) қойылмақ.

– Сонымен қатар, қазіргі күні Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті жылу берудің дифференциалды тарифімен есептеу жүргізетін жаңа әдіс жасап, енгізіп отыр. Ол әдіс қолданысқа енген соң есептеу құралдарын орнатпаған тұтынушылар жылу ақысын әлдеқайда қымбат төлейтін болады. Тұтынушылардың үнемдеуге, есептеу құралдарын құруға деген экономикалық қызығушылығын, елімізде энергия үнемдеудің тиімділігін арттыру үшін есептеу құралдары барларға барынша ең төменгі төлемақы төлеу қарастырылып отыр, – дейді басқарманың бөлім басшысы Юрий Халитов.

Жетіден бастап жинасаң жетеді...

Тарифтің көтерілуі осылайша елімізде тұтынушылардың есептеу құралын орнатуға деген қызығушылығын тудырып, есептеу құралын орнатудың тиімділігін арттырғалы отыр.

Ал азық-түлік бағасының, тұрмыстық тауарлар құнының өсіп отыруы қарапайым жұрттың той жасауға деген көзқарасын аса өзгерте қоймапты. Өскемендегі қатардағы қарапайым қазақ отбасылары той-томалағын жиі өткізіп келе жатқан «Жар-жар», «Хан шатыр», «Той думан», «Дастархан», «Алтын орда» мейрамханалары мен дәмханаларында өтіп жатқан үйлену тойлары мен мерейтой, тұсаукесер, тағы басқа тойлардың саны қызмет көрсету орындары әкімшіліктерінің айтуынша, биыл да сол былтырғы деңгейінде қалған.

«Адам басына 7,5 мың теңге аламыз» деген қаладағы «Бейбарыста» (арақшарап, екінші ыстық тамақ, шай мәзірі, жеміс-жидек пен ет жағы той иесінің өзінікі болған күннің өзінде, яғни, оларға деген ақшаны есептемегенде) қонағының саны орта есеппен 200 кісіден кем түспейтін қазақ отбасы бейнетаспа, суретке түсіру, тамада, әншілердің қызмет ақысынан бөлек, тойының үштен бір бөлігіне ғана 1,5 млн. теңге жұмсайтынына көзіміз жетіп қайтты. «Жетіден бастап жинасаң жетеді, алтыдан бастап жинасаң асады. Өне, Үкімет елдің банкте сақтаған теңгесінің де үстіне өтемақы қосып беріп жатыр, үнем бар жерде береке бірге жүреді. Сондықтан балаң үшін, басқаң үшін тойды қарыз алып жасамай, үнемдеп, қаржы жинап, туған-туыс болып қолдап, жасау керек. Той да бір қазына. Қуанышты көппен бөліскенге не жетсін. Біздің жақта Астана мен Алматыдағыдай дарақыланып той жасайтындар жоқтың қасы», – дейді талай тойдың төрдегі қонағы болып келе жатқан өскемендік Мағия Сәуірбекова апамыз.

«Байдың асын байқұс қызғаныпты» деген бар, біреудің ырыздығына, береkesіне қызғанышпен қарағандай болмайық десек те тойын несие алып, қарызданып жасап жатқан қазақтардың қарасы да көп бүгінде. «Өлгенде көрген бір тойым, ертең ел сөгіп кетпей ме», – деп ысырап, қып-қызыл шығын шығарудың соңы тұрмысы төмен отбасына ауырлық әкеліп қана қоймай, тақырға отырғызуда. Бұл жайт бәрібір банктегілер айтпақшы, «көрпеңе қарай көсіл» дегенді еске түсіреді.

«Көрпесіне қарай көсіліп» жүрген әлеуметтік топ та бар. Олар – студенттер. Қазақстанның ертеңі деп жүрген ол қыздар мен жігіттердің басым бөлігі кейбір байшыкештердің бір күннің ішінде кетіріп жіберетін «қалталық шығын» дейтін ақшасын бір ай бойы талғажу етеді.

– Алдағы екі жылда әлемдік экономикалық, қаржылық дағдарыстың салқыны бүгінгіден де қаттырақ сезілетінін айтып жүр экономикалық сарапшылар. Дегенмен, талай қиын-қыстау кезеңнен өткен егемен еліміздің болашағы қажырлы, жігерлі жастардың қолында, олардың терең білім алып, дұрыс жүріп-тұруында деп білемін. Медицинамыз дамып, экономикамыз өркендеп жатыр, осының өзі бізге үлкен күш беріп, алға жетелейді.

Қазір біздің СММУ студенттері 16 500 теңге шәкіртақы алып, оқып жатыр. Жатақхана ақысы биыл төрт мыңнан (айына) жеті мың теңгеге көтерілгенін білемін. Студенттер тамақтанып жүретін оқу орны маңындағы асханалардағы тамақтар да он-он бес теңге көлемінде қымбаттап кеткен жайы бар, біздің қалада автобус ақысы ғана бұрынғысынша болып тұр әзірше, 60 теңге. Бет албаты ақша шашпауға, шәкіртақымды үнемдеп жұмсауға тырысамын, – дейді үнемшілдік пен қанағат жайында Семейдегі СММУ 5 курс студенті Ұлжан Ұлан. Жарыққа, жылуға, тамаққа, суға, тойға төлейтін ақшамыз жетіп, көңіліміз де, өзіміз де тоқ жүруіміз үшін үнемшілдікке үйренуіміз қажет. Себебі, қазіргі қаржылық дағдарыс кезеңінде үнемшілдік қиындықтан қашық болудың ғана емес, тұрақтылыққа, қала берді табысқа жетудің тағы бір жолы болып тұр.

Жанаргүл Мұқатай.



О б л ы с т ы қ іріктеу кезеңінде жеңіске жеткен біздің ауданымыздың интернационалдық жас отбасы Астана қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында өткен «Бірге өмір сүру» республикалық фестивалінде облыс намысын қорғап, көрермендер көзайымы жүлдесіне ие болды.

Бұл шара ағымдағы жылдың маңызды оқиғаларының бірі болды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен келген, арнайы комиссияның іріктеу кезеңінен өткен 10 отбасы қатысты. Бұл байқау түрінде өткен фестивалда біздің ауданның азаматтары да бақ сынасып қайтты. Аудан орталығының тұрғындары – ерлі-зайыпты Исабаевтар мұндай шараға алғаш рет қатысты. Өкінішке орай, үздік үштіктің қатарына ілінбесе де, «Көрермендер көзайымы» аталымы мен арнайы диплом және бағалы ноутбукке қол жеткізді. Бұл да болса, олардың аудан намысын қорғаудағы зор жетістігі деп түсінген жөн. Жерлестеріміз оралған соң, олардан іле-шала сұхбат алуға асықтым.

Руслан мен Анастасия 2008 жылы отау құрған. Отағасы Русланның

ЕСТЕН КЕТПЕС ӘСЕРМЕН ОРАЛДЫ

ұлты - қазақ. Айта кетерлік жайт, Исабаевтар әулетінің үлкені, Русланның әкесі Болат та бүгінде 30 жылдан астам бірге отау құрып келе жатқан өмірлік жары Светлана да орыс ұлтының қызы. Сондықтан да, Исабаевтар отбасын толыққанды интернационалды шаңырақ деп атамасқа болмас. Тіпті олар жөнінде ағымдағы жылдың басында аудандық «Арай-Луч» газетінің кезекті санында тілшілер әзірлеген мақала да жарияланған болатын. Астанада өтетін аталмыш фестиваль-байқау туралы ерлі-зайыптылар аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінен хабардар болды. Руслан мен Анастасияның осы шараға қатысуына ұсыныс жасаған да осы ұжым еді.

–Отбасымыз туралы толтырылған анкета байқауға бірнеше күндер қалған кезде облыс орталығына жіберілді. Ол жақта біздің отбасы іріктеуден өтіп, республикалық кезеңге жолдама алдық. Келесі кезеңге өткенімізге біз, әрине, қатты қуандық, - дейді Руслан.

– Шара барысында біз үш кезең бойынша бақ сынастық, - деп жалғастырды әңгімені зайыбы Насия. – Алғашқысы, отбасылардың өздерін таныстыруы, кейінгі екеуі шығармашылық және зияткерлік бөлімдерден тұрды. Байқау соңына



жеткенде, ұйымдастырушылар қатысушыларға арналған мерекелік концерт ұсынып, соңы салтанатты марапаттау рәсімімен аяқталды. Негізгі жүлделі орындардан бөлек, Гран-при жүлдесі де ұсынылды. Жалпы алғанда, біз отбасымызбен жақсы деңгейде өнер көрсеттік. Осындай ауқымды шарада алғаш рет қатысып отырсақ та, тәуекелге

бел буып, еш қобалжуға жол бермей, мейлінше, отбасылық ұйымшылдығымыз бен береке-бірлігімізді көрсете алдық деп ойлаймыз.

Аталмыш фестивальға әзірленуімізге ауданның мәдениет саласының қызметкерлері көмектесті. Мысалы, оператор Евгений Брайко біздің отбасымыз туралы ролик түсірді, ол біздің өнер көрсетуіміздің тұсаукесері ретінде пайдаланылды, ал мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Нағима Әлімбаева мен хореограф Салтанат Жұмабаева - бізге қазақтың ұлттық биін үйретті. Бөлім жетекшісі Қайыржан Қабышұлы Сәдуов біз үшін жол шығындарына қажетті қаржы жинауды ұйымдастырды, - деді ол.

Байқау нәтижесі бойынша жерлестеріміз төртінші орынға ие болды. Біз республикалық байқауда лайықты өнер көрсетіп, ауданымыздың намысын қорғаған Руслан мен Анастасия Исабаевтардың шын жүректен құттықтап, оларға отбасылық бақыт пен қуаныш тілейміз!

**Тимур Смағұлов.
Сурет Исабаевтардың
отбасылық мұрағатынан
алынған.**

Ардагер

ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТІП ОТЫР

Согра кентіндегі Мәдениет үйінде «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ бастауыш ардагерлер ұйымының есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті. Оның жұмысына «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ президенті Әсем Мамутова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әнуарбек Мұхтарханов, Өскемен қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Сағымбек Аханов, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Сәкен Нұртазин және осы комбинаттың ардагерлері қатысты.

Алдымен Мәдениет үйінің акт залына жиналған ардагерлер назарына «Қазақстанның қанатты металы» атты деректі фильм ұсынылып, онда еліміздің Шығысындағы алпауыт кәсіпорындардың бірі – Өскемен титан-магний комбинатының қазіргі тыныс-тіршілігі, өндіріс барысына енгізілген жаңа инновациялық технологиялар, зауыт еңбеккерлері туралы жан-жақты мағлұматтар берілді.

Мұнан соң комбинаттағы бастауыш ардагерлер ұйымы атқарған жұмыстардың есебін берген Сәкен Нұртазин биылғы есеп беру-сайлау жиыны комбинаттың құрылғанына 50 жыл, Ұлы Жеңіске 70 жыл толған мерейтойлық жылға тұспа-тұс келгенін атады. Аталмыш ұйым жұмысын сонау 1986 жылдың желтоқсанынан бастаған, келер жылы отыз жылдық мерейтойын атап өтпек.

Қазіргі уақытта бастауыш ардагерлер ұйымында барлығы 1646 зейнеткер есепте болса, оның сегізі – Ұлы Отан соғысының қатысушылары, 407-і – тыл еңбеккері. Бұлардың жартысынан астамы отыз, қырық жылдан астам уақыт бойы комбинатта еңбек етіп, облыс орталығының өркендеуіне үлес қосқан жандар.

Баяндамашының айтуынша, комбинат әкімшілігі өз ардагерлеріне қамқорлығын еш аяған емес. Мәселен, қымбат дәрі-дәрмекті алуға, ота жасатуға, тіс протездерін салдыруға, зейнеткерлердің жерлеу

рәсімдеріне, шипажайларға, балалары мен немерелеріне жеңілдікпен жолдама алуға, егде адамдар күніне орай қайырымдылық көмектерін, ардагерлердің мерейтойларында қаржылай қолдау көрсетуге ұдайы көмектесіп келеді. Бұдан басқа, жыл сайын қайырымдылық көмектеріне арналған қаржы көлемі де артып келеді. 2013 жылы 19 млн теңгенің көмегі көрсетілсе, 2015 жылы ардагерлерге 31 млн теңгеден астам қаржының көмегімен көрсету жоспарланып отыр. Сондай-ақ, кәсіпорын базасында орналасқан емдеу мекемесінде жыл сайын елуге тарта зейнеткер балшықпен ем қабылдап, денсаулықтарын түзейді. Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесінде соғыс ардагерлеріне қомақты ақшалай сыйлықтар мен мерекелік медаль тапсырылған. Ардагерлер кеңесінің ұйытқы болуымен қалалық әкімдік соғыс ардагері И.Поповқа бір бөлмелі пәтер бөлген. Аға буын өкілдеріне арналған мұндай қамқорлықтар жыл көлемінде жалғасын тауып келеді.

Жиында бастауыш ардагерлер кеңесінің жаңа құрамын сайлау, Өскемен қалалық бастауыш ардагерлер ұйымының конференциясына қатысатын делегаттарды анықтау мәселелері қаралды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әнуарбек Мұхтарханов мұндағы бастауыш ардагерлер ұйымы мен кәсіпорын басшылығының және кәсіподақ комитетінің арасында өзара бірлескен жұмыстар оң жолға қойылғанын атап өтті. «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ президенті Әсем Мамутова комбинат әкімшілігі зауыт жұмысын алға бастыруда қашанда аға буынның ақыл-кеңесі мен өмірлік тәжірибелеріне сүйеніп, жыл сайын оларға деген қамқорлық пен қолдауды арттыра беретіндерін жеткізді. Сондай-ақ, бір топ комбинат ардагерлерін Алғыс хатпен марапаттап, ақшалай сыйлықтар табыс етті.

Дәурен Аллабергенұлы.

Өнер

КӨҢІЛДЕРІН КӨТЕРІП ҚАЙТТЫ

Ұлан ауданының мәдениет қызметкерлері Шемонайхадағы «Уба» шипажайында ем алып, демалып жатқан қариялардың көңілін көтеріп қайтты.

Белгілі айтыскер ақындар Аслан Ғафуров, Нұртай Тілеужан бастаған әнші-күйшілерді қуанышпен қарсы алған шипажай қызметкерлері өнерпаздарға жүрекжарды алғыстарын айтты.

– Бізге белгілі бір өнерпаздар немесе мекеме қызметкерлері үнемі келіп концерт қойып тұрады. Бірақ құрамында ел білетін әйгілі өнерпаздары бар мұндай ірі топты бірінші рет көріп отырмыз. Ұлан ауданының өнерпаздарына рақмет, – деді шипажай директоры Мұратбек Айылбаев.

Кеште ақындар қазыналы қарттарға арнау айтса, күйшілер қазақтың қара домбырасы мен қыл қобызын күңгіретті. Ал екі тілде шырқалған халық әндері демалып жатқан қарттарды еріксіз орындарынан тұрғызып билетті.

– Бұл кеш әсілінде қарттар күніне орай жоспарланған. Бірақ ол күні аудандағы іс-шаралардан әртістердің қолы босамай қалып, бүгін сәті түсіп отыр. Біз бар ғұмырын ұрпақтарына арнаған осындай қазыналы қарттарымыздың алдында мәңгі қарыздармыз, сондықтан өнерімізді олардан аямаймыз, – деді Ұлан аудандық мәдени-демалыс орталығы – «Дарын» мекемесінің директоры Аслан Ғафуров.

Бұл жолы Ұлан ауданының өнерпаздары облыстың әр өңірінен келген 200-ге жуық қарттың көңілін көтерді. Аталмыш шипажайда жылына 4600 ардагер ем қабылдап қайтады. Орайы келгенде айта кетейік, «Уба» шипажайына зейнет жасындағы қариялар жылына бір рет келіп, 12 күн тегін ем қабылдауына болады. Ол үшін жергілікті жердегі әлеуметтік қорғау бөлімінен жолдама алса болғаны. Таза ауа, жайлы ортаға барып, балшықпен, сумен, тағы басқа тәсілдермен ем қабылдайды.

– Мен Өскемен қаласынан келіп, ем қабылдап жатырмын. Демалып жатқаныма 5-6 күн болып қалды. Мұнда біз үшін барлық жағдай жасалған. Оның үстіне Ұлан ауданының әртістері келіп, тағы бір үлкен сый жасап жатыр. Қуанып қалдық. Бұл бастама басқа аудандарға үлгі болса екен, – дейді Мырзахан Пәтібаев деген ақсақал.

Мұратхан Кенжеханұлы.

100 НАҚТЫ ҚАДАМ



«100 нақты қадам» – бұл **ЖАҢАНДЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАУАП** және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда **ҰЛТТЫҢ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ОТЫЗДЫҒЫНА КІРУІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ**.

«100 нақты қадам» елімізге «2050-Стратегиясын» жүзеге асыру мен **ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУҒА, ЖОЛДАН АДАСПАУҒА, КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢНЕН СЕНІМДІ ӨТУГЕ** жағдай туғызатын **БЕРІКТІК ҚОРЫН** жасап беретін болады.

Жоспардың негізгі мақсаты **«АУРУЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІН» СЫЛАП-СИПАП ҚОЮ ЕМЕС, ОЛАРДЫ «ЖҮЙЕЛІ ЕМДЕУ»** болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды.



I. КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРУ

1-қадам. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМДЕРІН **ЖАҢҒЫРТУ**. Мемлекеттік қызметке қабылдау **ТӨМЕНГІ ЛАУАЗЫМДАРДАН** басталуы тиіс.



2-қадам. Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу **ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕР** негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

3-қадам. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ РӨЛІН АРТТЫРУ** есебінен мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушыларды **ІРІКТЕУ РЕСІМІН ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ**. Үш сатылы іріктеу жүйесін енгізу.

4-қадам. **3+3 ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША** мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ СЫНАҚ МЕРЗІМІ** (төртінші үш айдан кейін және алты айдан кейін сәйкестілікті межелік бақылау).

5-қадам. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты **ӨСІРУ**.

6-қадам. **ЕҢБЕКАҚЫНЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУГЕ КӨШУ**. Мемлекеттік қызметкерлер үшін – жеке жылдық жоспарларды орындау; мемлекеттік органдар үшін – стратегиялық жоспарларды орындау; министрлер және әкімдер үшін – мемлекеттік қызмет сапасының арнаулы индикаторлары, өмір сапасы, инвестиция тарту; Үкімет мүшелері үшін – интегралдық макроэкономикалық индикаторлар.



7-қадам. Мемлекеттік қызметкерлердің **ЛАУАЗЫМДЫҚ ЕҢБЕКАҚЫЛАРЫНА ӨҢІРЛІК ҮЙЛЕСТІРУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН** қосу

8-қадам. Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ ҚЫЗМЕТТІК ПӘТЕРЛЕРДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БЕРУ**.



II. ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

16-қадам. **АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ЖЕҢІЛДЕТУ** үшін **СОТ ЖҮЙЕСІ ИНСТАНЦИЯЛАРЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ. БЕС САТЫЛЫ СОТ ЖҮЙЕСІНЕН** (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) **ҮШ САТЫЛЫ** (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу.

17-қадам. Судья лауазымына **КАНДИДАТТАРДЫ ІРІКТЕУ ТЕТІКТЕРІН КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫН ҚАТАЙТУ**. Міндетті түрде талап – сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі. Кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілер жүйесін енгізу. Судьялыққа үміткерлер **СОТТАРДА** стипендия төленетін **БІР ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН** өтеді. Бір жылдық тағылымдамадан кейін судья **БІР ЖЫЛДЫҚ СЫНАҚ МЕРЗІМІНЕН** өтеді.

18-қадам. Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін **СОТ ТӨРЕЛІГІ ИНСТИТУТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНАН** бөлінуі керек. Аталмыш институт Жоғарғы Соттың жанында жұмыс істеп, қызмет бабындағы судьялардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз ететін болады.

19-қадам. **СУДЬЯЛАРДЫҢ ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІН КҮШЕЙТУ. СУДЬЯЛАРДЫҢ ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН** жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы **СОТ АЛҚАСЫНА** шағымдана алатын болуы керек.

20-қадам. **БАРЛЫҚ СОТ ПРОЦЕСТЕРІНЕ БЕЙНЕ ЖӘНЕ ТАСПАҒА ЖАЗУ ШАРАЛАРЫН** міндетті түрде енгізу. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс.

21-қадам. Алқа билер соты қолданылатын салаларды кеңейту. Заңды түрде **АЛҚА БИЛЕР СОТЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАТЫСТЫРЫЛАТЫН** қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажет.

22-қадам. **АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫН ШЕКТЕЙТІН БАРЛЫҚ ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІЛІКТІ** тергеу судьясына біртіндеп беруді **ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** АРҚЫЛЫ **СОТТА АЙЫПТАЛУШЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**.

23-қадам. **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАУЛАР БОЙЫНША** жеке **СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ** құру. Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**.

24-қадам. Дубай тәжірибесі бойынша Астана қаласында **AIFC ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖДЫҚ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ**.

25-қадам. Шетелдік және халықаралық соттардың **ҮЗДІК СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** үшін **ЖОҒАРҒЫ СОТ ЖАНЫНАН БЕДЕЛДІ ШЕТЕЛДІК СУДЬЯЛАР МЕН ЗАҢГЕРЛЕР** қатысатын халықаралық кеңес құру. Кеңес қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Жоғарғы Сотқа кеңес беріп отырады.

9-қадам. **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТУ** – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру.

10-қадам. **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАНСАПТЫҚ ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН КОНКУРСТЫҚ НЕГІЗГЕ КӨШУ**. «Б» корпусының жоғары лауазымдарына жылжыту төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер қатарынан тек қана конкурстық негізде жылжыту есебінен меритократия қағидатын нығайту.

11-қадам. **ШЕТЕЛДІК МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ, ЖЕКЕМЕНШІК СЕКТОРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МАМАНДАРЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ** болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке жіберу. Оларды тағайындау ерекше талаптар және лауазымдардың жеке кестесі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл қадам мемлекеттік қызметті ашық және бәсекеге қабілетті жүйе етеді.



12-қадам. **ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ**. Мемлекеттік қызметтің жаңа Этикалық кодексын жасау. Этика мәселелері жөніндегі уәкілетті өкіл лауазымын енгізу.

13-қадам. **ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ**, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру.

14-қадам. Барлық мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлеріне қатысты **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ** қабылдау.

15-қадам. Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін **ІС БАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КЕШЕНДІ АТТЕСТАТТАУДАН** өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу.



26-қадам. Сот ресімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға **ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫН** қысқарту. Азаматтық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгертулер енгізу.

27-қадам. Жекеменшік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту. **СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН БІРТІНДЕП ҚЫСҚАРТУ**.

28-қадам. Полиция қызметкерлерін **ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTY**. Кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін іс басындағы полиция қызметкерлерін және қызметкерлікке кандидаттарды тестілеудің арнайы жүйесін енгізу.

29-қадам. **ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСУ**. Әрбір құқық қорғау қызметінің ведомстволық ерекшеліктеріне сәйкес бірыңғай қызмет ету ережесін енгізу.

30-қадам. Жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін **ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН** құру. Жергілікті полиция қызметінің өкілеттілігі: қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, ұсақ құқық бұзушылыққа атымен төзбеушілік. Жол-бақылау полициясының қызметкерлері полиция қызметкерлерінің жұмыс ауысымы кезінде атқарған ісінң барлығын жазып отыратын бейне-тіркегіштермен қамтамасыз етіледі.

31-қадам. Этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне **ШАҒЫМДАНҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ АРЫЗЫН ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ** АРҚЫЛЫ полицияның ашықтығын қамтамасыз ету. **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ МӨРТЕБЕСІМЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТІЛЕТІН БОЛАДЫ**.

32-қадам. «Қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде **«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ КАРТАСЫ»** интернет-порталын құру. Бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. Бұл **ҚОҒАМҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ**.



33-қадам. Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыптастыру. Осындай азаматтар үшін **АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫҢ КЕШЕНДІ СТРАТЕГИЯСЫН** жасау.

34-қадам. **МЕМЛЕКЕТ-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІГІН ДАМУ ТҮРІНДЕ** пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңғырту. Пенитенциарлық мекемелерді салуға, ұстауға және басқаруға жекеменшік секторды тарту жөнінде ұсыныстарды екішеу және халықаралық тәжірибені зерттеу.

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК - БАСТЫ МАҚСАТ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарында ерлер мен әйелдер құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында біршама дамуға ие болды. Қазақстан Республикасы Президенті ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік мәселесіне зор көңіл бөліп, әділ, нақты гендерлік саясат жүргізудің бастамашысы болып табылады. Қазіргі уақытта бүкіл жер шары бойынша тарихи қалыптасқан ер азаматтарының әйел азаматтарынан үстем болуы өзгерістерге ұшырап отыр. Өнеркәсіптік дамыған және әлеуметтік бағытталған мемлекеттерде құқықтары мен мүмкіндіктері сұрақтарында әйел азаматтары біршама теңдікке жетті.

Әйел адамның күнделікті өмірдегі амандығы бүкіл қоғамға зор жағымды әсер етіп, және адамзаттың дамуының көрсеткіші болып табылады. Бірнеше ғасырлар бойы адамзаттың санасында қалыптасқан азаматтық қоғамдағы әйел адамзатының екінші дәрежедегі ролі мәселенің түйіні болып табылады. Өкінішке орай, бұл мәселе бойынша біршама даму орын алып отырса да, біздің қоғамда ерлер мен әйелдер арасында теңсіздік сақталып отыр. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметімен гендерлік саясатының концепциясы әзірленіп, құпталды.

Концепцияның басты принциптері – ҚР Конституциясымен келіпденген ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен бостандықтар.

Басты міндеттері: билік структураларында ер және әйел азаматтарының қатысуын теңгеру, экономикалық тәуелсіздікке тең мүмкіндіктер қамтамасыз ету, өз бизнесінің дамуы мен қызметі бойынша жоғарылау, отбасында тең құқықтар мен міндеттер атқаруға мүмкіндіктер тудыру, жыныс белгісі бойынша зорлықтан бостандық болып табылады.

Концепция ҚР Конституциясы, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының, Қазақстан Республикасындағы әйел азаматтарының жағдайын жақсарту бойынша ұлттық іс-шаралар жоспары, әйел азаматтарына қатысты барлық кемсіту формаларын жою туралы БҰҰ конвенциясының және басқа да іргетасын қалаушы құжаттар негізінде әзірленген.

Осы бағытта біздің ауданымызда да әйел азаматтарын зорлықтан қорғау мәселесіне аса көп көңіл бөлінеді. Аудандық ішкі істер бөлімінде әйел азаматтарына қатысты зорлық көріністерімен күрес жүргізу бойынша арнайы бөлімше құрылған. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық мәселелер жөніндегі аудандық комиссия мен қоғамдық ұйымдар жұмыс атқаруда.

Әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілгеніне қол жеткіздік, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктері қамтамасыз етілген, әйелдердің өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалған.

Дегенмен, біз экономикасы дамып келе жатқан, құқықтық мемлекетте өмір сүретіндіктен әлем назарын аударып отырған мәселелерден айналып өте алмасымыз анық. Өйткені, гендерлік теңдік демократиялық үрдістердің негізгі көріністерінің біріне айналған. Қазіргі уақытта гендерлік саясатты біздің салт-санамызды, ұлттық болмысымызды ескере отырып, жаңа заман талаптарына сай жүзеге асыруымыз қажет.

Зарина Шарипова,
аудандық әділет басқармасының инспекторы.

V шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы №33/265-V шешімі

«Аудандық аумақтық, аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын округтік және учаскелік сайлау комиссиялары туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22/167-V шешімге өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық Заңының 10-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 6-бабына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Аудандық аумақтық, аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын округтік және учаскелік сайлау комиссиялары туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014

жылғы 17 сәуірдегі № 22/167-V шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

№ 868 Ульяновка, № 1128 Ақшарбақ учаскелік сайлау комиссияларының қызметі тоқтатылсын.

2. Сайлау комиссияларына енгізілген өзгерістер туралы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Сессияның төрағасы Б.Тоқтағанов,
Аудандық мәслихаттың хатшысы Д.Бралинов.

Шаруа қожалықтары басшыларының назарына!

Катонқарағай ауданы бойынша мемлекеттік кіріс басқармасы Салық Кодексінің 446 бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес бірыңғай жер салығын, әлеуметтік салықты, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын, су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын аудару мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейін есептелген соманы төлеу ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірілмеуі тиіс;

2) салық кезеңінің 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейін есептелген соманы төлеу есептік салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірілмей жүргізіледі. Яғни 2016 жылдың 10 сәуірінен кешіктірілмейді.

2. Әлеуметтік салықты және төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын төлеу жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Және Салық Кодексінің 493 бабының 1 тармағы 1-1 тармақшасына сәйкес шаруа немесе фермерлік қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

Барлық сауалдар бойынша Катонқарағай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына Үлкен Нарын ауылы, Амангелді көшесі 61 мекен-жайына немесе 2-14-84 телефонына хабарласуыңызға болады.

Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Құттықтаймыз!

Новополяковқа ауылының тұрғыны аяулы ана, асыл әжеміз Нүрке Әбекқызы Сатинованы 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!



*Толдыңыз, міне, бүгін 80 жасқа,
Тілейміз бақ пен ырыс басыңызға!
Деніңізге таусылмайтын саулық беріп,
Қосылсын талай жылдар жасыңызға!*

*Құтты болсын мерейтой мерекеңіз,
Еңбекпенен қол жеткізген берекеңіз.
Денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт, байлық,
Сізге арнар біздің ақ тілегіміз!*




Ізгі тілекпен: балалары, немерелері, шөберелері.

Ұзақ жылдар бойы шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан, жоғары санатты ұстаз, асыл ана, ардақты әже Ахмадиева Гүлжан Құмарқанқызын зейнеткерлік жасқа келуімен шын жүректен құттықтаймыз!



*Жасыңыз зейнеткерлік құтты болсын,
Қуаныш пен шаттыққа көңіл толсын.*

*Әріптестер тілейді өзіңізге,
Шаттықтың нұры ойнап жүзіңізде.
Көп болсын немереңіз, шөбереңіз,
Қызықтап, қызығына кенеліңіз.
Біліммен сусындаған әр баланың,
Алғысы мен пейіліне бөленіңіз,- демекпіз.*



Ізгі тілекпен: Толқайың орта мектебінің ұжымы.

«Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне экономист-статист - 1 бірлік, есепші – 1 бірлік мамандары қажет. Анықтама: 070908 Катонқарағай ауданы Үлкен Нарын ауылы Татаев көшесі 15 үй, «Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт» мемлекеттік мекемесі, телефон: 2-14-40.

АГРОДИЗЕЛЬ
ПОСТАВКА, ТОПКА, ВРЕДНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ

Өндірушінен қозғалтқыштар
Дизельді қозғалтқыштар тапсырыс бойынша өте қысқа мерзімде жеткізу.
ММЗ, ЯМЗ қозғалтқыштары, 3 жыл қайта жөндеуге арналған қозғалтқыштар
Өскемен к.с. Абая д-лы, 203/1, тел. (7232) 55-01-92
Шемонайха к.с. Возвальная к-сі, 206, тел. (72332) 3-07-96

«Яры негізгі орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:
- 0,5 бірлікте шағын орталық тәрбиешісі;
- 0,5 бірлікте аға жоғары, - есепші 0,5 бірлікте.
Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі болуы тиіс. **Тел. 2-01-88.**

«Катонқарағай ауданы ветеринария бөлімі»
ММ-де **2-94-35**
СЕНІМ ТЕЛЕ-ФОНЫ жұмыс істейді.

«Жазаба негізгі орта мектебі» КММ-не төмендегідей маман қажет:
- есепші - 1 бірлік.
Қойылатын талаптар: жоғары немесе арнайы орта білімі болуы тиіс. **Тел. 8(72342) 2-07-60.**

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрған азаматтарға ақылы қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін меншіктің барлық түріндегі жұмыс берушілерден 2016 жылға сұраныстарды қабылдайды.

«Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша

орта кәсіптік және жоғары оқу орындарын бітірушілер үшін 6 ай мерзімге дейін уақытша жұмыс орындары ұйымдастырылады.

Жұмыс берушілердің әлеуметтік жұмыс орындарына қатысатын жұмыссыздардың жалақысына шыққан шығыны ең төмен еңбекақы мөлшерінде жергілікті бюджеттің қаржысынан төленеді.

Сонымен қатар, қажетті мамандықтар бойынша кәсіби

оқуға жіберу үшін сұраныстар қабылданады. Жұмыспен қамту бөлімі жұмыссыз азаматтарды тегін қайта даярлау қысқа мерзімдік курстарға жергілікті бюджеттің қаржысы арқылы оқуға жібереді.

Барлық сұрақтармен мына мекенжайға жүгінуге болады: **Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 109-а, тел.: 2-91-55; 2-14-53.**

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры Н.Қ. Қуантаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2) 75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті бас редакторының м.а. Шамиль Багаутдинов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1665, «Луч»-1270. № 5773